

АДАМ САУДАСЫ – ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫС

Орындаған: Жумабеков А

Адамды саудаға салу



- XX ғасырдың басынан бастап осы күнге дейін адамды саудаға салу күннен-күнге дамып келе жатқан қылмыс түрі болып табылады. Қазіргі таңда қылмыстың бұл түрін ауқымды трансұлттық проблемалардың қатарына жатқызсақ та қателеспейміз. Криминология көзқарасынан алатын болсақ, бұл қылмыстың жасалуынан көптеген мемлекеттерге залал келіп отыр, сол себепті бұны осындай көлемдегі проблема ретінде қарастырамыз.
- ҚК-ң 128-бабында «Адамды саудаға салу» түсінігі - адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасау.
- Адамдарды оларды бұдан әрі пайдалану мақсатында бір жерден екінші жерге және Қазақстанның мемлекеттік шекарасы арқылы тасымалдау, ауыстыру **адам трафигі** деп аталады.

Адам сатуға қарсы күрес туралы



- «Адам сатуға қарсы күрес туралы» Заңға байланысты ҚР Үкіметінің «Адам саудасына байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және алдын-алу жөніндегі» 2009-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бар. Ол ҚР Премьер Министрінің қолы қойылған Қаулысымен және ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 2 сәуірдегі №462 Қаулысымен бекітілген.
- **Мақсаты** – адам саудасына байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның алдын-алу жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету және үйлестіру үшін қабылданған.



Адам саудасының пайда болуы



- Адам саудасына қарсы 1926 жылы қабылданған Ұлттар Лигасының Құлдық туралы Конвенциясы бар, араға 4 жыл салып, 1930 жылы Күштеп жұмысқа тартуға тыйым салу туралы тағы бір Конвенция өмірге келген. 1949 жылы Адам саудасы және жыныстық құлдыққа қарсы БҰҰ Конвенциясы пайда болады. 2000 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Адам саудасын жою мен ескерту туралы Қаулысын қабылдайды. 23 тамыз – Халықаралық құл саудасы құрбандарын еске алу, 2 желтоқсан – Халықаралық құлдыққа қарсы күн болып белгіленген.

Мамандардың пікірінше, бүкіл дүниежүзінде жыл сайын шамамен 800 мыңнан 4 миллионға дейінгі адам құлдыққа сатылып, еңбегі қаналса, олардың дені қыз-келіншектер екен. Ал бұл қылмысты ұйымдастырушы азаматтар одан жылына 7 миллиард доллар табыс табатын көрінеді. Сондықтан да бүгінгі күні адам саудасы әлемдегі ең табысты кәсіп бойынша үшінші орында тұр, ал одан алдыңғы екі орынды заңсыз қару-жарақ сату және есірткі саудасы иемденген.

ҚЫЛМЫС ҚҰРАМЫ

Қылмыстың объектісі–адамдардың бостандығы мен еркі, қосымша тікелей объект – жәбірленушінің ар-намысы, адамгершілігі.

Қылмыстың объективті жағы – адамдарды алдау жолымен жасалған нәпсіқұмарлық немесе өзгедей пайдалану әрекеттері.

Қылмыстың субъектісі –16 толған кез келген адам.


Қылмыстың субъективті жағы – тікелей қасақаналықпен, пайдакүнемдік мақсатпен істеледі.

Даму қарқыны жоғары қылмыс



- Адамды саудаға салу айтусыз мөлшерге дейін дамып жатыр: жылына 800 000 адам, әсіресе әйелдер және балалар шекаралар арқылы сатылып және сатып алынып жатыр, және бұл қылмыстың көлемі тоқтамай етек алуда. Европол (Еуроодақтың полициялық одағы) мәліметтері бойынша, адамдарды саудаға салудан түсетін жылдағы пайда 19 миллиард АҚШ долларына дейін жетеді.

ҚР ІІМ-нің статистика мәліметтері



Адам саудасының өркендеу себептері

▣ **Біріншіден**, бұл Қазақстанның ТМД елдерімен шекарасының ашықтығы;

▣ **Екіншіден**, мемлекеттер арасындағы және Қазақстанның ішіндегі көші-қон ағынының күшеюі;

▣ **Үшіншіден**, экономикадағы игілікті жағдай және бұрынғы кеңестік елдермен салыстырғандағы жоғары жалақы;

▣ **Төртіншіден**, ұйымдасқан қылмыстың жаһандануы, «тірі тауарлар» жеткізудің орнықты арнасын ұйымдастырудағы оның мүмкіндіктерін кеңейту, ол біздің елімізге жеткізуші ғана емес, сонымен бірге сатып алушы, транзиттік дәліз ретінде де қарайды.

Мемлекеттің алдын алу шаралары




Адамдар трафигіне қатысты қылмыстар және адамды саудаға салу фактілерін анықтау мақсатында, Республика территориямызда ішкі істер органдарымен әрбір квартал сайын «STOP трафик» жедел профилактикалық іс-шарасын өткізеді. Мысалы, 2009 жылы наурыз айында ҚР ІІМ бастамасымен, «STOP трафик» жедел профилактикалық іс-шарасы шегінде, ОО «Қазақстан дағдарыс орталығының одағы» және АҚШ елшілігімен бірге «Адам саудасының құрбаны болма» атты агитпоезді жіберумен республикалық акциясын өткізген болатын.

Адам саудасы-трансұлттық проблема

ХКҰ-ң статистикасы

1513



- қазақстандықтар
- өзбекстандықтар
- қырғызстандықтар
- тәжікстандықтар
- ресейліктер




Халықаралық шарттар

- Адам саудасының трансшекаралық сипатын ескере отырып, ҚР Бас прокуроры шетелдік мемлекеттермен халықаралық-шарттық базаны кеңейту жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.
- Контрагенттердің қарауында **Египетпен, Израильмен, Сауд Арабиясымен, Біріккен Араб Әмірліктерімен және Латвия Республикасымен** қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және адамдарды беру туралы халықаралық шарттардың жобалары жатыр. ҚР Бас прокуратурасы сол сияқты Катар Мемлекетімен, **Таиланд Корольдігімен, Польша Республикасымен, Чех және Венгер** республикаларымен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және қылмыс жасаған адамдарды беру туралы келісімдер мен шарттар әзірленді, олар мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген және Әділет министрлігінде сәтті заңгерлік сараптамадан өткен.
- Қазіргі таңда Франциямен, Германиямен, Бельгиямен, Грециямен және Румыниямен осындай шарттардың жобалары мүдделі мемлекеттік органдармен келісілуде.

Адамды саудаға салумен күресу шаралы

- адамдарды сатуға байланысты қылмыстардың алдын-алу
- кеден органдарының тексеру жұмыстарын күшейту
- қарапайым халықтың құқықтық сауатын көтеру
- насихат жұмыстарын жаһандыру қауіпсіздік шараларын күшейту
- адам саудасымен күресті насихаттау
- адам саудасының алдын алу мақсатындағы шараларды қаржылдандыру



Сау өкпенің құны - 116,4 мың АҚШ долларына тең екен. Бүйректі 91,4 мың долларға сатып алуға болады. Ал жүректің бағасы бүйрекке қарағанда арзан көрінеді, яғни 57 мың АҚШ долларына сатып алуға, не сонша ақшаға жүрек ауыстыруға болады. Ми сүйектерінің 1 келісі 23 миллион АҚШ доллары тұрса, ДНК молекуласының 1 грамы - 1,3 миллион долларды құраған. Адам ағзасында өндірілетін антидене ең қымбат мүше саналады. Оны сатқан қожайын 7,3 миллион АҚШ долларына ие болады.

Қазақстан Республикасының ҚК осы санатқа байланысты бірнеше баптар бар.

- адамның дене мүшелері мен тінін алуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу (113 бап);
- адамды ұрлау (125 бап);
- бас бостандығынан заңсыз айыру (126 бап);
- саудаға салу (128 бап);
- кәмелетке толмағандарды жезөкшелікпен айналысуға тарту (132 бап);
- кәмелетке толмағандарды саудаға салу (133 бап);
- жезөкшелікпен айналысуға тарту (270 бап);

Қорытынды



- қарапайым халықтың құқықтық сауатын көтеру
- жоспарланған құлдық және құлдыққа сатуды жасауға дайындалғандарды, яғни зорлау сияқты әрекеттерге жазалау шараларын барынша қатаңдату;
- жоспарланған құл саудасын жасаған адамдарға жеткілікті түрде жазалау шараларын белгілеу;
- адам саудасымен күресті насихаттау
- мемлекеттің құлдық және құлдыққа сатудың алдын алу мен болдырмау шараларын қатаң қадағалануы.